

Өндірістік кеңес

Хаттама №1

31.08.2024 ж.

Қатысқандар:11

Күн тәртібінде:

- 1.Жазғы ағымдағы жөндеу жұмыстарының қорытындысы туралы
2. Еңбек қауіпсіздігі туралы нұсқаулық
- 3.Жұмысшыларға міндеттемелерді жүктеу
4. Балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелерін бекіту;
5. «Өрт қауіпсіздігі» қауіпсіздік ережелері туралы нұсқау жүргізу

1.Тыңдалды: Жазғы ағымдағы жөндеу жұмыстарының қорытындысы туралы.

Жазғы маусым өз қызығымен, жылулығымен келсе де, атқарар іс-шараларымыз көп болды. Жылдық жоспарға сай жаздық сауықтыру шаралары жүргізілді. Құралдарды ұқыпты пайдалануды тапсырамын,-деді шаруашылық меңгерушісі Д.Жумадилов

Балабақшаның шаруа меңгерушісі Д.Жумадилов жазғы жөндеу жұмыстары туралы айтып өтті. Жаз бұл білім беру ұйымдарындағы жөндеу жұмыстарының кезеңі. Біздің балабақшамызда биыл ағымдағы жөндеу жұмыстары әктеу, сырлау жұмыстары жүргізілді. Балабақша жаңа оқу жылына дайын екендігін айтып өтті.

2.Тыңдалды: Балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелері туралы балабақша М.Ахмедиева

Меңгеруші қызметкерлерді ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен таныстырды. Ішкі еңбек тәртібінің ережелерінде көрсетілген нұсқауларды қатаң түрде орындау керек. Еңбек тәртібін бұзушыларға тәртіптік,жазалар қолданылады. Еңбек тәртібін сақтау, әкімшілік бұйрықтарын уақытыл орындау. Еңбекті қорғау ережесі мен қауіпсіздік техникасының талаптарын, өндірістік санитарлық, өртке қарсы ережені және алдын ала ескертілген ережелер мен нұсқаулықтарды сақтау.

Сөз алғандар: б/б мейірбикесі А.Аман. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелерімен таныстық. Өзіміздің лауазымдық міндеттерімізді тиісті деңгейде орындаймыз. Өйткені біз бала тәрбиелеп отырмыз, оларды бізге сеніммен ата-анасы тапсырып отыр.

3.Тыңдалды:Жұмысшыларға міндеттемелерді жүктеу туралы балабақша меңгерушісі сөз алды. Балабақшадағы 2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие

жұмыстарының жүргізілуі және балалардың балабақшаға кезекке қойылуы мен тіркелуін «**Balabaqsha.sitcen**» сайты бойынша жұмыс жүргізу балабақша тәрбиешілеріне өз топтары бйынша тапсырылды. Балалардың балабақшаға күнделікті келіп кетуін және өмір қауіпсіздігін топ тәрбиешілері қадағалау керектігін атап өтті.

Балалардың денсаулығы мен алғашқы көмек көрсету және ас мәзірінің дұрыс ұйымдастырылып сапалы болуын қадағалау балабақша мейірбикесі Ж.Қолдасоваға тапсырылды.Ата- аналар жарнасының толық азық-түлікке жұмсалуды қадағалап, жұмыс жүргізу шаруашылық меңгерушісі Ж.Бұлтбаевқа жүктелді.

4.Тыңдалды: Бала қауіпсіздігі және қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігін сақтау туралы нұсқау жүргізу туралы нұсқауды балабақша меңгерушісі Г.Ганиева жүргізді.

Балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі барлық тараптардың осы мәселеге кешенді көзқарасына байланысты.

Елімізде бала қауіпсіздігі басты назарда. Балалады қорғау балабақшада балалардың қауіпсіздігі үшін негізгі ережелер әзірленген. Мұнда әрбір бала үшін қорғау шараларымен қамтамасыз етілген.

Балабақша қызметкерлерінің қауіпсіз еңбек жаңдайларын қамтамасыз ету балабақша меңгерушісі міндеті. Әдіскер оқу тәрбие процесі барысында қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жұмысын ұйымдастыруға жауап береді. Еңбекті қорғау, қамтамасыз ету, балалармен жұмыс істеу кезінде жарақаттану және де бақытсыз жағдайлардың алдын алу мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсетеді.Тәрбиешілер балалардың өмірі мен денсаулығы үшін жеке басымен жауап береді. Мейірбике балабақшаның барлық бөлмелерінде қауіпсіздік техникасы ережелерін сақталуына бақылау жасайды.

5.Тыңдалды. Өрт қауіпсіздігі қауіпсіздік ережелері туралы нұсқауды балабақшаның шаруашылық меңгерушісі Ж.Бұлтбаев жүргізді.

От алау кезінде балабақшалар мен балалардың қауіпсіздігі үй жайда өрт қауіпсіздігі ережелерінің бір жағын тәуелді болады. Ең алдымен эвакуацияның кіріс және шығыс есіктерін тексеру қажет. Олар қажет емес заттармен немесе аппаратурамен қоршалмауы тиіс. Балабақшада өрт болған жағдайда қызметкерлердің бірінші әрекетітәрбиеленушілерді қауіпсіз жерге шығару, 101 нөміріне хабар беру, өрт сөндіру құралдарымен өртті сөндіруге кірісу. Балабақша әкімшілігіне хабар беру.т.с.с.

Шешімі:

1. Балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелерін ескеріп жұмыстар жүргізілсін.
2. Балалар қауіпсіздігі мен қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігінің ереже тәртібін қатаң сақталсын.
3. Өрт қауіпсіздігі бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Кеңес төрайымы

Хатшы:



М.Ахмедиева

Г.Санаева

18.10.2024 ж.

Қатысқандар:11

Күн тәртібінде:

1. Интернет алаяқтық қаупі туралы.
2. Лудомания - Қоғам дерті.

1.Тыңдалды:Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бақшамыздың меңгерушісі М.Ахмедиева сөз алды. Ол өз сөзінде елімізде интернет алаяқтығының саны күрт өскенін айтып өтті. Сонымен қоса презентация арқылы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Интернеттің мүмкіндігін қылмыстық іс-әрекеттерін жүзеге асыру үшін оңтайлы пайдаланып жүрген алаяқтардың әдіс-тәсілдері күн сайын өзгеріп, жаңарып отырады. «Уақыт талабынан олар да қалыс қалмай келеді», деген спикер ғаламтордағы әккілердің, әсіресе әлеуметтік желілерді ұтымды пайдаланып отырғанын мәлімдеді. «Әдетте алаяқтар әлеуметтік желілерге жалған интернет хабарландырулар орналастырады немесе аккаунт пен арнайы бет ашып, сайт жасап алады. Кибералаықтар – бұл өзгенің мал-мүлкін еш қысымсыз, бопсалаусыз, асқан қулықпен иемденіп алуды көздейтін қылмыс әлемінің элитасы. Қудың қақпанына түскен адам өзінің мүлкін алаяқтарға өз еркімен қалай бергенін аңдамай қалады. Қылмыскерлердің бұл санатын өзінің қулығы, тапқырлығынан басқа, жәбірленушіге қатысты ешқандай зорлық-зомбылық танытпауына қарап, ең «әділетті» фигура деуге болар.

Интернеттің пайдасы орасан, алайда, зияны да шаш-етектен екені белгілі. Интернет-алаықтық – бұл желі пайда болғанға дейін болған алаяқтық схемалардың кезекті нұсқасы. Ол онлайн-шопинг және электрондық коммерцияның өзге түрлерінің танымалдылығымен бірге дамыды. Пайдаланушыларды алдау үшін интернет-алаықтар электрондық поштаны, түрлі чаттарды, форумдарды және жалған веб-сайттарды пайдаланады. Жалпы, кибералаықтық деген қайдан шыққан? Одан сақтанудың жолы бар ма? Қазақстандағы интернет арқылы жасалатын қылмыстың көрсеткіші қандай?

2.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бақша әдіскері Н.Тотанова сөз алды. Ол өз сөзінде күні кеше қабылданған ойын бизнесі мен лотерея қызметін реттеуге қатысты заң негізінен елдегі қамысқа тиген өрттей қаулаған лудомания мәселесін шешуге бағытталған. Бұл кейінгі жылдары нағыз әлеуметтік, қоғамдық кеселге айналып кетті. Бүгінде осы дерттен арыла алмай, букмекерлік кеңселерді күндіз-түні төңіректен жүргендердің көбі көрсеқызарлықпен ғана емес, қажеттіліктен де ойынхананың есігін ашып көрген. Ал оңай олжаның арты опық жегізетіні көбінің қаперіне кіріп-шықпаған. Лудомания шекара сызығына, қауіпті қорғанысқа қолданылатын тікенек сым секілді. Бір ілінсең шыға алмай, тартқан сайын шырматыла бересің. Ал мұны құмарпаздықтың құрығына түсіп, көзі байланғандар кеш түсініп жатады. Бұл кеселдің асқынып, елдің есін шығара бастағаны

соншалық, Мемлекет басшысы лудоманияның арты жақсылыққа апармайтынын, ойынқұмарлықтың ойыныңды осылдырып жіберетінін үнемі айтып жүретін жағдайға жеттік. «Интернет дамыған сайын лудомания проблемасы ушыға түсті және нағыз әлеуметтік індетке айнала бастады. Бұл ұлтымыздың болашағына қатер төндіреді. Сондықтан Мемлекет басшысы ретінде мен осы қауіпті құбылыспен күресу үшін бірқатар пәрменді шара қабылдадым. Былтыр күзде осы мәселе бойынша Қауіпсіздік кеңесінің арнайы отырысы өтті. Жуырда менің тапсырмаммен Үкімет Заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспарды бекітті. Сонымен қатар тиісті заң жобасын тез арада қабылдау жөнінде бұған дейін бірнеше рет айтқан едім. Аталған заңның күшіне енуі азаматтарымызды, ең алдымен, өскелең ұрпақты осы зиянды әлеуметтік дерттен сақтауға мүмкіндік беретініне сенімдімін», деген болатын Мемлекет басшысы БАҚ өкілдері алдында.

Ойын бизнесі мен лотерея қызметін реттейтін заңның негізгі новеллаларына тоқталсақ. Ең бастысы, лотерея терминалдары мен тираждық электрондық лотереяларға тыйым салынып отыр. Құмар ойындар мен бәс тігудің жарнама-сына шектеу қойылды, SMS-хабарламалар арқылы да шектеу көзделген. Букмекерлерді жарнамалауға, оның ішінде көлік құралдарына жарнама жабыстыруға да қатаң тыйым салынды. Тек букмекерлік кеңселер, спорт ғимараттары мен спортшылардың жабдықтарына ғана жарнама орналас-тыруға рұқсат етілді.

– Біріншіден, бүгінде мұндай хабарламалар абоненттің келісімінсіз келеді. Екіншіден, хабарламалар, визуалды жарнама заңды түрде құмар ойындарға қатыса алмайтын 21 жасқа толмаған азаматтарға бағытталған. Ал заң бұзу-шылар үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Сондай-ақ борыш-керлердің бірыңғай тізіміне енгізілген адамдарды құмар ойындарға жіберуге және олардың бәс тігуіне тыйым салынады. Сондай-ақ ойын бизнесін заңсыз ұйымдастырушыларға ақша жіберуге тыйым салынады. Елімізде онлайн-ойынханаларға тыйым салынған және букмекерлік қызмет үшін лицензия қажет. Мұндағы бар қолдан келетіні тыйым салынған интернет-ресурстарды бұғаттау ғана. Алайда жеті басты айдаһар іспетті сайттардың бірін жапсаң, олар екіншісін ашып алудан жалығар емес. Былтыр мемлекеттік органдар Кибербақылау ақпараттық жүйесі арқылы 4 мыңнан астам заңсыз ойынхана мен букмекерлік сайттарға кіруге тыйым салған. Сондықтан сайттарға төленетін барлық төлемді бұғаттау да көзделіп отыр.

Шешімі:

1. Интернет алаяқтық туралы ата-аналарға түсіндірме жұмыстары өткізілсін.
2. Жасалынған презентация қызметкерлердің чаттарына жіберілмесін.

Кеңес төрайымы
Хатшы



М.Ахмедиева
Г.Санаева

Өндірістік кеңес

Хаттама №2

20.12.2024 ж.

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар жүргізу;
3. Жаңа жыл мерекесіне дайындық, өрт қауіпсіздігі ережелері туралы нұсқау жүргізу;
4. Жылу мәселесі;
5. Қызметкерлердің жыл сайынғы ақы төленетін кезекті еңбек демалысының кестесін бекіту.

1.Тыңдалды. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы бақша меңгерушісі М.Ахмедиева сөз алды.

Құрметті әріптестер өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтейік. Балабақшаның ішкі еңбек тәртібінің ережелерін ескере отырып жұмыстар жүргізілуде. Балалар мен қызметкерлер қауіпсіздігі ережелері сақталып жұмыс жүргізіліп жатыр. Өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқау берілді.

2.Тыңдалды. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықпен балабақша мейірбикесі А.Аман айтып өтті.

Қазіргі кезде елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. МД тәрбие ұйымдарындағы бүлдіршіндер тәрбиесін жан-жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындап отырған жағдайлардың бірі.

Жұмыстың мақсаты-МДҰ баланың денсаулығын сақтаудың, салауатты өмір салтын ұйымдастыру мен бала денсаулығын шыңдаудың мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады.

Тәрбиешілердердің балалармен жұмыс жүргізудегі денсаулық сақтау технологиялары жөнінде айтып өтті. Шынықтырудың негізгі міндеттері жөнінде кеңес берді.

Сөз алғандар: тәрбиеші А. Ускенбаева балабақшада балалардың күн тәртібінің сақталуын үнемі қадағалап отырамыз. Шынықтыру- сайықтырудың тәртібі болған жағдайда ғана баланың ағзасына тиімді болады.

Тәрбиеші Г.Шылгаубаева дені сау баламен шынықтыруды жүйелі жүргізу, оның теріс эмоциясын тудырмайтын және біртіндеп үдетіп, ұзартылып, мейірбике мен педагогтың қатаң қадағалауында болуы керек.

3.Тыңдалды. Жаңа жыл мерекесіне дайындық, өрт қауіпсіздігі ережелері туралы нұсқау жүргізу туралы шаруашылық меңгерушісі Д.Жумадилов сөз алды.

Құрметті балабақша ұжымы Жаңа жыл мерекесі де келіп қалды. Бұл мереке шыршасымен қызықты. Бұл күні аудан көлемінде барлық мектеп, балабақша, мекемелерде жаңа жылдық іс-шаралар өтеді. Мерекені өткізу кезінде, бірқатар сақтық шаралар қолданбаса, абайсызда өрт шығуы мүмкін. Осы орайда жаңа жылдық іс-шара кезінде сақталуға тиісті өрт қауіпсіздігін естеріңізге салайық. Сонымен қоса Жетісай ауданының білім бөлімінен түскен хаттың негізінде балалардың денсаулығына қауіпті жағдайлар мен олардың алдын алу мақсатында қосымшада берілген **қауіпсіздік нұсқаулығын** басшылыққа алайық. Тәртіпті сақтау, өрт қауіпсіздігіне жауапты әкімшіліктің, полицияның және басқа да тұлғалардың заңды ескертулері мен талаптарын орындау;

- басқаларға қауіп төндіретін және төтенше жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеу;

- іс-шаралар аяқталғаннан кейін ғимараттар мен құрылыстардан ұйымдасқан түрде шығуды жүзеге асыру;

- эвакуация туралы ақпаратты алған кезде әкімшілік пен тәртіпті қамтамасыз етуге, тыныштықты сақтауға жауапты тәртіп сақшыларының нұсқауларына сәйкес әрекет ету талап етіледі.

Балабақша ғимаратына 30 метрден жақын жерде, сондай-ақ тұрғын үйлердің, жанғыш заттардың жанында, аласа қоршаулар мен ағаштар астында «отшашуларды» ұйымдастыруға;

- пиротехникалық заттарды қалтада ұстауға;

- тұтану кезінде фитильді бетке жақын ұстауға;

- қатты желде пиротехникалық құралдарды қолдануға;

- адамдарға зымырандар мен отшашуларды бағыттауға

- адамдардың аяқтарының астына петарда лақтыруға;

- жанып тұрған отшашулардың үстінен үңіліп қарауға;

- жанып тұрған пиротехникалық заттардан 15 метрден жақынырақ болмауға қатаң тиым салынады.

4. Тыңдалды. Жылу мәселесі жөнінде балабақшаның шаруашылық меңгерушісі Д.Жумадилов сөз алды. Балабақшадағы жылу мәселесі өз деңгейінде жүргізілуде. Топтардағы жылу деңгейі, қалыпты. Әр аптаның сәрсенбі күндері Жетісай ауданының білім бөліміне жылу туралы мәлімет тапсырамыз. Қауіпсіздік ережелері толық сақталған.

5. Тыңдалды. Қызметкерлердің жыл сайынғы ақы төленетін кезекті еңбек демалысының кестесін бекіту туралы бақша меңгерушісі М.Ахмедиева сөз алды. Ол өз сөзінде жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы 4 кезеңнен тұратынын айтып өтті. Бақша жұмысшылары 2024-2025 оқу жылындағы жұмыс істеген күндері үшін жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына 2025 жылдың мамыр айынан бастап жіберілетінін, кестесі құрылып бекітілетінін айтты.

Шешімі:

1. Балалардың өмірі мен денсаулық сақтау бойынша нұсқаулықтар қатаң орындалсын.
2. Жаңа жылдық іс-шаралар кезінде өрт қауіпсіздігі ережелері сақталсын.
3. Жылу беру маусымындағы жұмыстар өз деңгейінде жүргізілсін.
4. Қызметкерлердің жыл сайынғы ақы төленетін кезекті еңбек демалысының кестесі бекітілсін.

Кеңес төрайымы

Хатшы



М.Ахмедиева

Г.Санаева

Өндірістік кеңес

Хаттама №3

12.03.2025 ж.

Қатысқандар:11

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
- 2.«Төтенше жағдайлар кезінде балабақшадағы қауіпсіздік ережелері» туралы.
- 3.Топтардағы санитарлық –эпидемиологиялық нормалардың орындалуы.
- 4.Көгалдандыру жұмыстары туралы.

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті.Балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі барлық тараптардың осы мәселе кешенді көзқарасына байланысты.Балаларды қорғау үшін балалар бақшасындағы балалардың қауіпсіздігі үшін жауапты негізгі ережелер әзірленіп тиісті жұмыстар жүргізілуде. Мұнда әр баланың күніне тікелей жанында болған адамның жауапкершілігі болады. Балалар өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар сақталуда. Жаңа–жылдық мерекені ұйымдастыру кезінде адамдардың қауіпсіздігін қамтамассыз ету үшін тәрбиешілер балабақша қызметкерлері балалармен нұсқау жұмыстары жүргізілді.Өрт қауіпсіздігінің алдын–алу жұмыстары өз деңгейінде жүргізілді. Балабақша қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жылу беру маусымындағы жұмыстар өз деңгейінде жүргізілді.

2.Тыңдалды:Келесі мәселе төтенше жағдайлар кезінде балабақшадағы қауіпсіздік өрт қауіпсіздігі, ережелері туралы балабақша шаруашылық меңгерушісі Д.Жумадилов айтты.Табиғатта болып жатқан экологиялық апаттардың ішінде төтенше жағдайларды білу өте маңызды. Өйткені бұл апаттар кенеттен пайда болады жергілікті экожерлер елді мекендер аяқ астынан сұрапыл апатқа ұшырайды. Мұндай жағдаймен кездескенде сабырлық сақтап балалар өмірін сақтап қалуға мүмкіндік жасау керек . Сол себептен қауіпсіздік ережелерін білу және оны дұрыс қолдану біздің міндетіміз. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар дүлей зілзала жер сілкінісі, су тасқыны табиғи өрт. Барлық нұсқаулықтарды нақты орындау өте маңызды. Әрбір тәрбиеші баланың өмірі мен денсаулығына үлкен жауапкершілікті түсіну керек. Қауіпсіздік және денсаулықты сақтау ережелерін бұзғаны үшін кінәлі адамдар тәртіптік жаза ғана емес, әкімшілік айыппұлдар мен қылмыстық жазаларға да ұшырайды.

Сөз алғандар: Балабақша әдіскері М.Ахмедиева балабақшадағы қауіпсіздік атты сабақтарды көрнекі құралдар арқылы өткізді. Іс-жүзінде өрт кезінде мінез-құлық ережелері балалармен жасалады. Оқу жаттығулар әр тоқсанда бір рет өткізіледі.

3.Тыңдалды: Топтардағы санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың орындалуы туралы балабақша мейірбикесі Ж.Қолдасова айтып өтті. Балабақша санитарлық–эпидемиологиялық талаптар қатаң сақталып

орындалуы тиіс. Күнделікті режим мен іс-әрекет ұйымдастыруға қойылатын талаптар . Күнделікті тәртіп балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі және олардың үйлесімді дамуына ықпал етуі керек. Белгіленген тамақтану уақыты да осы ережелердің 2.10.14. тармақтарына сәйкес қатаң сақталуы керек. Әр түрлі жастағы топтарда жалпы режим сәттерін кіші жастағы балалардан

5-10 минут бұрын бастау керек. Балалардың серуендеуінің тәуліктік ұзақтығы кем дегенде 4-4.5 сағатты құрайды. Серуен күніне екі рет ұйымдастырылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың күнделікті ұйқысының жалпы ұзақтығы 12-12.5 сағатты құрайды. Оның 2.0-2.5 сағаты күндізгі ұйқыға бөлінеді. Балаларды шыңдау үшін негізгі табиғи факторлар күн , су, ауа балалардың жасына денсаулық жағдайына байланысты М.Д.Ұ. жеке құрамы мен материалдық базасын ескере отырып әдістемелік ұсыныстарды қатаң сақтай отырып дифференциалды түрде қолданады. Бұл шаралар жылдың маусымына, топтық бөлмелердегі ауа температурасына және эпидемиологиялық жағдайға байланысты күші мен ұзақтығы бойынша өзгереді.

4.Тыңдалды: Көгалдандыру жұмыстары туралы балабақшаның меңгерушісі М.Ахмедиева сөз алды. Балабақша ауласын да көгалдандыру жұмыстарын да бастап жібердік. Дұрыс ұйымдастырылған және жақсы көгалдандырылған учаскі балалар бақшасындағы оқу –тәрбие міндеттерін іске асырудағы ең қажетті база болып табылады. Жер учаскісі көгалдандырылуы және балалар ондағы өсімдіктерді өсіруге оларды бақылауға күнбе –күн қатыса алатындай болып ұйымдастырылуы тиіс. Сондықтан әр жастағы балалар топтарының гүлдік декоративтік, жемістік және көкөністік өсімдіктер, сондай ақ балалар ойнай алатындай шөп те болу керек. Көгалдандыруға кіріспей тұрып, учаскіні қоқыстан және тастардан тазартып алу керек , барлық топтар үшін оған өсімдіктерді орналастыру жоспарын жасау керек.

Сөз алғандар:тәрбиеші Г.Султанова учаскіде балаларды табиғаттың маусымдық құбылыстармен таныстырамыз, өсімдіктердің өсіп жетілуін бақылаймыз. Жануарлардың қылықтарын бақылауды ұйымдастырамыз. Осының бәрі балалардың дүние танымын едәуір кеңейтіп өздерін қоршаған өмір туралы білімдерін байытады, оларды табиғатқа аялай қарауға және ондағы сұлулықты көре білуге тәрбиелейді деді.

Шешімі:

- 1.Төтенше жағдайлардағы балабақшадағы қауіпсіздік өрт қауіпсіздігі ережелерін таныстыру жұмыстарын жалғастыру.
- 2.Топтардағы санитарлық-эпидемиологиялық талаптар өз деңгейінде орындалсын.
3. Балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстары қолға алынсын.

Кеңес төрайымы

Хатшы



М.Ахмедиева

Г.Санаева

Өндірістік кеңес

Хаттама №4

29.05.2025ж.

Қатысқандар:11

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
- 2 Жаз мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық
- 3.Жазғы жөндеу жұмыстары туралы
4. Кәсіподақ төрайымының жыл бойы атқарылған жұмыс туралы есебі.

1.Тыңдалды:Бірінші мәселе бойынша балабақшаның меңгерушісі М.Ахмедиева өткен кеңестің шешімдері туралы айтып өтті. Балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі барлық тараптардың осы мәселеге кешенді көзқарасына байланысты. Қауіптің дамуына жол бермеу үшін балабақша тәрбиешілер, жұмысшылар және ата-аналарда қатысуы керек. Балаларды қорғау үшін балабақшада негізгі ережелер әзірленді, тиісті жұмыстар атқарылып жатыр. Топтардағы санитарлық-эпидемиологиялық талаптар тиісті дәрежеде атқарылуда. Күнделікті тазалық жұмыстары жүргізіледі. Балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Аулаға балабақшаға сән беретін қоңыр күзге дейін гүлдеп тұратын гүлдер егілді. Ағаштар отырғызылды. Енді егілген гүл мен ағаштарға күтім қажет. Дер кезінде суғарып, арам шөбін жұлып тұру керек.

2. Тыңдалды:Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақшаның меңгерушісі М.Ахмедиева жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық жүргізді.

Алда көптен күткен жаз мезгілі де келіп қалды. Демек балалар көп уақыттарын далада өткізеді. Жаз-балалармен бірге өсімдіктер, жидектер мен жемістердің аттарын зерттеудің ең жақсы уақыты. Сондықтан балаларды өсімдіктер, жеміс-жидектермен таныстыра отырып, олардың зиянды жағында айта кетуді ұмытпағандарыңыз жөн.

Сөз алғандар: Тәрбиеші Р.Әбдуәлі сөз алды. Жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға эмоциялық жеке тұлғалық, танымдық, тұрғыда дамытуға септігін тигізетін жағдай жасау үшін ересектердің күшін жұмылдыру, біріктіру. Жазғы кезең балалардың таза ауада болу уақыты ұзарады., оқу сабақтарының саны қысқарады, сабақтар ашық ауада өткізіледі.

Эстетикалық-сауықтыру циклінің барлық ісшаралары міндетті түрде танымдық сипатқа ие және таза ауада өткізіледі. Оларға төмендегілер жатады:

- Дидактикалық ойындар;
- Бақылау, экскурсиялар;
- Эксперимент жүргізу;
- Сюжеттік-рөлдік ойындар;
- Бейнелеу қызметі;
- Көркем әдебиетті оқу;
- Жылжымалы ойындар;
- Еңбек қызметі: учаскедегі, бақшадағы, гүлзарлардағы еңбек.

Жаз – қоршаған ортамен танысу үшін тамаша уақыт:

- Табиғи құбылыстарды бақылау;
- Мақсатты серуен, туристік жорықтар, табиғатқа, балабақша аумағы бойынша

экскурсиялар.

Мейірбике А.Аман белсенді демалысты дұрыс ұйымдастыру үшін міндетті түрде балалар жарақаттануының алдын алу бойынша ісшараларды жоспарлау қажет. Балабақшадан тыс серуендеу пайдалы және қауіпсіз болу үшін тәрбиеші келесі ережелерді сақтауы қажет:

- болашақ серуендеу бағытын алдын ала белгілеу және тексеру, тәрбиеленушілердің қауіпсіз жүріп-тұруы мақсатында учаскені қарау;
- балалардың жеке физикалық мүмкіндіктерін назарға алу, балаларды серуендеуге психологиялық алдын ала дайындау;
- мақсатты серуендеу жүргізу алдында тәрбиеленушілердің киімдерін, аяқ киімдерін ауа райы жағдайларына сәйкестігін қарау;
- балаларға бөтелкедегі суды жеткілікті мөлшерде жеткізу.

Жазғы сауықтыру жұмысында мәдени - демалыс ісшараларына үлкен орын беріледі. Балабақшада ол әртүрлі формада ұйымдастырылады:

Түрлі тақырыптағы мерекелер мен ойын-сауықтар;

Балалар шығармашылығының, балалардың, педагогтардың және ата-аналардың біріккен шығармашылық көрмелері;

Спорттық және танымдық, сонымен бірге тәрбиеленушілердің отбасы мүшелерімен өткізілетін ойын-сауықтар;

3.Тыңдалды. Бұл мәселе бойынша балабақшаның шаруашылық меңгерушісі Д.Жумадилов жазғы жөндеу жұмыстары туралы айтты. Баланың жеке тұрғыда қалыптасуы мен дамуында маңызды факторлардың бірі қоршаған орта болып табылады. Балабақша-бұл баланың күні бойы тіршілік ететін орны. Балабақшадағы эстетикалық түрде дұрыс ұйымдастырылған орта фуенционалдық тұрғыдан маңызды және санитарлық-гигиеналық талаптарға қауіпсіздік және ҚРМЖБС талаптарына жауап беруі тиіс. МДҰ және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиялогоиялық талаптарға сәйкес жыл сайын объектілерде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі.Объектілер

Ағымдағы жөндеу кезінде балабақша ғимаратын тиімді пайдалану қажеттілігі туралы есте сақтау керек. Қабырғалардың суық кіретін учаскелерін жылыту желдеткіш каналдармен сорғыштарды тазалау және жөндеу, әктеу, сырлау, жұмыстары. Әдеттегідле жөндеу,әктеу, сырлау жұмыстары шілде-тамыз айларында жүргізіледі. 1 қыркүйекте балабақша жаңа оқу жылына толықтай дайын болуы керек.

Кәсіподақ-бұл қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін жарғылық тапсырмаларға сүйене отырып, ұсынатын және қорғайтын қоғамдық бірлестік, өз мүшелерінің еңбек және тағыда басқа әлеуметтік экономикалдық мүдделерін ұсынуға және қорғауға арналған. Жұмыс беруші мен кәсіподақ ұйымы арасындағы әлеуметтік әріптестіктің негізгі құралы жалпы білім беру ұйымының қызметкерлеріне еңбек жағдайлары, демалысын ұйымдастыру, жеңілдіктер мен кепілдіктер беру мәселелерін реттейтін ұжымдық шарт болып табылады. Кәсіподақ ұйымының төрағасы жоғары тұрған кәсіподақ ұйымының шешімдері мен қаулылары туралы ұжымға және меңгерушіге уақытылы хабарлайды. 2024-2025 оқу жылында Жаңа жыл, 8-наурыз, 22-наурыз мерекелеріне ақшалай 2000 тенгеден сыйлықтар таратылды. Жыл бойында мұғалімдер күні, Тәуелсіздік, жаңа жыл, 8-наурыз, 22-наурыз мерекелеріне орай тәрбиешілерге Алғыс хаттар берілді.

1. Жазғы мезгілде балаладың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықты басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізілсін.
2. Қызметкерлер өз уақыттарымен ақылы еңбек демалысына жіберілсін.
3. Жазғы жөндеу жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілсін.
4. Кәсіподақ төрайымының жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

Г.Санаева